

9. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан, 1917 ж. - мамыр 1920 ж. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Декабрь 1917 г. - май 1920 г. - Алматы: "Алаш", 2005. Т.2, 445 б.
10. Нәсенов Б. "Абралы қанды жылдары (1905-1945)". Екінші бөлім. Құжаттар жинағы. Алматы - Новосибирск. 2006 ж. 644 б.
11. Жанболатұлы Молдабек. Тобықты-Шыңғыстау шежіресі: Үш томдық. - Алматы: Курсив, 2004. 1-ші том. 520 б.
12. История Западного отделения алаш-Орды. Сборник документов и материалов. Т.1. - Уральск, 2012 - 464 с.
13. Жетпісбай Н. Қобдалық Алаш қайраткерлері // Қазақстан мұрағаттары. №3 (11)/ 2009. 34-46 бб.
14. Сүлейменова Д.Д. Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы. Тарих ғылымдарының кандидаттығына дайындаған диссертациясы. - Алматы. 2004. - 138 б.

ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСОВТЫҢ ОҚУ - АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ РӨЛІ

Марат Н.Ж.

Ғылыми жетекшісі: тар.ғ.к.,

қауымдастырылған профессор м.а., Джумалиева Л.Т.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

nuraly.marat.06@gmail.com

Астана қ.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мемлекет және құқық тарихында шешуші әрі тағдырлы кезеңге айналғаны баршаға аян еді. Себебі, Ресейдің империялық саясаты, одан кейін Кеңестік Ресейдің жүргізген реформаларының нәтижесінде қазақ жерлері, оның ішінде қазақ халқының тозы шығып, бытыраңқылыққа айналдырылған болатын. Ондай азаматтардың еліміздің егемендікке қол жеткізуіндегі рөлі мен орны ерекше болды. Сондай азаматтардың бірі, әрі бірегейі – Смағұл Сәдуақасов болды. Смағұл Сәдуақасов 1900 жылы бұрынғы Қоқшетау облысы, Ленин ауданы, Жарқын ауылында дүниеге келген. Шежіре бойынша Малайдан Әйтімбет, Бабыс туады. Бабыстан Қозыбағынан Құдайберді, Бекболат, Жаулыбай, Майлыбай, Жиенғұл есімді бес ұл туады.

Майлыбайдан Қазымбет, одан Тоғжан, Тоғжаннан Сәдуақас, Сәдуақасан Смағұл туады. Яғни шежірені таратын болсақ, Ғаббастың әкесі Сәдуақас пен Смағұлдың әкесі Сәдуақас орысша да, парсыша да сауатты ескіше оқыған, ел ішінде бала оқытқан ғұлама болса, Ғаббастың әкесі Сәдуақас та өз аймағы мен ағайындарына сыйлы, орысша да хат танып жаза білген өте білімді, он екі ауыл малай мен тоғыз ауыл Бақтыбай жұрты бетке ұстайтын, Омбы қаласында Жексенбай баймен бірігіп жеке дүкен ашып, піркәшік жалдаған адам екен. Смағұл Сәдуақасов жастайынан ел басқару ісіне араласып, ұлты мен жерінің аласапыран дәуірінде бірлігі мен мызғымастығын сақтауға үлкен үлес қосқан шыншыл азамат. Сол үшін Смағұл Сәдуақасұлы өз дәуірінде қызыл империяның саясатына сай келмей қудалауға ұшыраған. Смағұл Сәдуақасов Қазақстанда Кеңес билігінің орнауына, сол арқылы өз халқының мұң-мұқтаждарына болысқан әрекет еткендердің бірі. Ол жастайынан саяси оқиғаларға араласып, мемлекеттік істерге белсене атсалысқан

Смағұл Сәдуақасұлы Қазақстан жастарының жетекшісі (1920-1921ж.ж.) қазақ арсынан шыққан тұңғыш экономист. Оның қысқа деректерінен – ақ оның өмірі тағылымды, сан қырлы азамат болғанын, қамшының сабындай қысқа ғұмырында талай қызметтің тізгінін ұстап, елі үшін, халқы үшін ұлан-ғайыр істер тындырғанын аңғару қиын емес. Десек те, Смағұл Сәдуақасұлы сияқты толағай тұлғаны тарихтың төріне шығарып, отырған тіпті де шаруашылықтың әр саласында төгілген тері, атқарған лауазымды қызметтері емес, оның өзінің ұлтына деген сүйіспеншілігі, сан ғасырлық ғұмырында мың өліп, мың тірілген, жиырмасыншы ғасырдың басында ұлт ретінде ұйыса бастаған қазаққа қызмет етуді, қайда болмасын оның мүддесі үшін табандылықпен күресуді өмір мұратына айналдырды. Оның бағы да, соры да - өз ұлтын жан-тәнімен сүйгендігінде еді. 1928-1932 жылдары Мәскеу көлік инженерлері институтын оқып бітіргеннен соң, Мәскеу – Донбасс темір жол құрылысында инженер – құрылысшы болып қызмет етеді. Мемлекеттік қоғамдық қызметпен қоса әдеби-ғылыми шығармашылықпен айналысып, сол кезде шығып тұрған қазақ-орыс тілдеріндегі көптеген газет-журналдарда саясат, шаруашылық ел ісі, мәдениет, әдебиет, өнер, тарих, мәселелерін сөз еткен мақалалары жарияланады. Көркем әңгімелері де жарық көреді. Смағұл Сәдуақасұлының «Жастармен әңгіме» (Орынбор) 1925 ж.), «Ұлт театры туралы» (Қызылорда 1926 ж.). «Қазақстандағы ағарту мәселелері» (Қызылорда 1927 ж.) деген үлкенді-кішілі кітаптары жарық көрді. Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс пен Қазан төңкерісінен кейінгі ел өмірін арқау еткен «Сәрсенбек» атты романы бар. «Салмақбай, Сағындық» (1923 ж.), «Күміс қоңырау» (1927 ж.), повестері қазақ әдебиетіндегі проза жанрын дамытуға үлкен үлес қосты. Смағұл Сәдуақасовтың бүкіл қайраткерлік, азаматтық болмысының танылған кезеңі 1925-1927 жылдар еді. Бұл кезде

ол республика халық ағарту комиссары, әрі өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі болды. Бұл кезең сонымен бірге Ф.И. Голощекиннің Қазақстан өлкелік партия комитетін басқару кезеңімен дәлме-дәл келеді [1,136].

Оның мектепте білім алуы уақыты да, елдегі саяси тұрақсыздық пен бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен тұстас келгендіктен, елде орын алып жатқан әділетсіздіктерге өз саяси позициясын білдіру мақсатында түрлі ұйымдарға кіріп, оның белсенді мүшесіне айналды. «Смағұл Сәдуақасұлы да жас болса да ел басқару, халық тағдырын ең жоғарғы деңгейдегі билік тұтқасын ұстағандармен тайталаса жүріп, шешу сияқты саясат ісінде де қажырлық көрсетті. Смағұл Сәдуақасов 1914 жылы Омбы қаласында ашылған қазақ жастарының алғашқы ұйымы «Бірлікте» қызмет етті. «Бірлік» ұйымының негізгі алға қойған мақсаты - қазақ халқының мәдени және әдеби жағынан ілгері қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін туғызу және ұлттықты сақтау... 1916 жылы «Бірлік» ұйымы «Балапан» деген журнал шығарып, жастарға қызмет етті. «Жастарға «Жаңа жол» деген кітабында Смағұл Сәдуақасұлы : «Бостандыққа жетем, теңдік алам десең, өзің қимылда. Аспаннан саған құймақ жаумайды. Оны бір деп біл»- деп өзінен өзі келмейтінін түсіндіріп үлкен еңбек жазған. Алдыңғы толқын Алаш зиялыларының халыққа қызметін үлгі ете білді. Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлы Алаш арыстарын «қазақ ұлтшылдарының басшылары» деп атап, олардың ұлтқа сіңірген еңбегінің арқасында өте қадірлі адамдар болғанын жастардың санасын немесе жадына құйып отырды. Смағұл Сәдуақасұлы 1920 жылы РК (б) П қатарына өткеннен кейін, арнаулы курстар ашып, дәрістер оқыды. 1920 жылы Қазақстан өз алдына дербес автономиялы республика болғаннан кейін РКЖО Орталық Комитеті Қазақ облыстық бюросының хатшысы қызметін атқарды.

Смағұл Сәдуақасов шығармашылық қызметін, мемлекеттік қызметпен қоса атқаруда зор үлгі көрсете бастады. Ол қандай мемлекеттік қызметте жүргеніне қарамастан басты мақсаты – қарапайым халықтың әлеуметтік- жағдайын жақсартуды көздеді. Егер әділетсіздік көрсе, шындықты айта білетін азамат болатын. Ол өзінің «О национальностях и националах» атты мақаласында Кеңестік жүйенің, оның ішінде сол кезде басқарып отырған Ф.Голощекиннің жүргізіп отырған теріс саясаттарын ашық түрде әшкерледі. Смағұл Сәдуақасовтың ойынша Кеңес одағына кіретін барлық республикалар теңдей дәрежеде даму керек деді. Орта Азия республикаларының бұрынғы империялық дәуірдегідей шикізат аймағы болып қала берсе, онда жаңа жүйенің сол кездегі биліктен айырмашылығы жоқ екенін ашық түрде айтты. Ф.Голощекиннің республикадағы негізсіз әрі әділетсіз саясатына қарсы шықты. Бұған мысал ретінде С.Сәдуақасовтың Ж.Аймауытовты жаладан қорғауы жайында Ф.Голощекиннің УІ шы Бүкілқазақтық өлкелік комитетіндегі сөзі: «Онан соң, «заң қарпінің» адамдары бізде қоғамдық талаптармен санаса бермейді. Біз мынадай жағдайларға жиі ұрынамыз: Қоғамдық жағдай біреулерді соттауды қажет етеді, ал заң қарпінің адамдары бізге кедергі келтіреді.

Губернияда қоғамдық, кеңестік міндеттер тұрғысынан оны айыптайды. Жоғарғы сот мұны ескермейді және ақтайды. Керісінше болып шығатыны да бар. Мұндайда кейде үлкен адамдар ықпалының әсер ететіні де бар... Сіздер Сәдуақасовтың тарихын білесіздер: Ж.Аймауытовты және басқаларды соттаған кезде, ол -өлкелік комитет мүшесі және үкімет мүшесі, Өлкелік комитеттен сұрамай, сотталуын бүкіл Қазақстан күтіп отырған адамдарды жақтауға ашық кірісті. Келтірілген үзіндіден Қазақстанның сол жылдардағы басшысының революциялық заңдылық дегенді жамышып, өзіне ұнамайтын кейбір жауапты қызметкерлерді заң органдары арқылы жазалауға аңсары ауып тұрғанын аңғару қиын емес. Бірақ, оның ойлаған ойын толық жүзеге асыруына Смағұл Сәдуақасов, Нығмет Нұршақов, Жалау Мыңбаев, Сұлтанбек Қожанов сынды қайраткерлер қолдау жасады. Ол айтқандай, Смағұл Сәдуақасұлының белгілі қазақ жазушысы Жүсіпбек Аймауытовты қызғыштай қорғап, сот залында әділетсіздік тырнағынан күшпен босатып алғаны рас, мұның барлығы Ф.Голощекинге ұнамады» [2,6 б].

Смағұл Сәдуақасұлы Қазақстан жастарының жетекшісі (1920-1921ж.ж.) қазақ арасынан шыққан тұңғыш экономист. Оның қысқа деректерінен – ақ оның өмірі тағылымды, сан қырлы азамат болғанын, қамшының сабындай қысқа ғұмырында талай қызметтің тізгінін ұстап, елі үшін, халқы үшін ұлан-ғайыр істер тындырғанын аңғару қиын емес. Десек те, Смағұл Сәдуақасұлы сияқты толағай тұлғаны тарихтың төріне шығарып, отырған тіпті де шаруашылықтың әр саласында төгілген тері, атқарған лауазымды қызметтері емес, оның өзінің ұлтына деген сүйіспеншілігі, сан ғасырлық ғұмырында мың өліп, мың тірілген, жиырмасыншы ғасырдың басында ұлт ретінде ұйыса бастаған қазаққа қызмет етуді, қайда болмасын оның мүддесі үшін табандылықпен күресуді өмір мұратына айналдырды. Оның бағы да, соры да - өз ұлтын жан-тәнімен сүйгендігінде еді.

Смағұл Сәдуақасұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеушілердің бәрі де оның осы бекзат қасиетіне тәнті. Оның мұрасын ширек ғасырдай зерттеп, 2 томдық еңбегін шығарған, 1 монография жазған, жастайынан тағылымды сөз сабақтап, терең ой айтып жүрген ұлтжанды ғалым Дихан Қамзабекұлының еңбектерінде де оның осы қасиеті айрықша айтылады.1923 жылы 17-22 наурыз аралығында Орынборда Қазақстандағы социалистік құрылыстың өзекті мәселелерін талқыға салған республикалық III партия конференциясы болып өтеді. Конференция жұмысына қатынасқан С.Сәдуақасұлы қалыптасып келе жатқан саяси жағдайды жақсы түсінгендіктен орталықтың бұл өктемдігіне тікелей қарсылық танытты. Смағұл Сәдуақасұлы өз сөзінде - қазақ кедейлері біреудің қанауынан емес, жұмыссыздықтан азап шегуде. Сондықтан да, қазақ кедейлеріне ең алдымен осы тұрғыдан қарау қажет. Оларға ат,шөп, носилка, беріңіз, сол арқылы оның қожалығын нығайтыңыз, ал бұл шара барды қарадүрсін бөліске салудан жүз есе тиімді болмақ. Түптеп келгенде кез-келген бөліске салу идеясы тек тұтынушылық пиғылын туғызатын өте қауіпті идея. Осында жартылай көшпелілерді тез арада отырықшы өмірге аудару жөнінде де айтылады [3,46].

Смағұл Сәдуақасұлы тарапынан жасалған бұл тұжырым Ярославский, Вайнштейн және басқа большевиктік ұстанымдағыларға қазақ қоғамын социалистік негізде қайта құруға көрсетілген қарсылықтай көрінді. Сондықтан да Ярославский қорытынды сөзінде: «Смағұл Сәдуақасұлы жолдас өзін мемлекетшілдік ұстанымдағы кісі ретінде атап, талқылып отырған мәселеге мемлекеттік көзқарас тұрғысынан келуді талап етіп отыр. Оның ойы бойынша мемлекеттік көзқарас дегеніміз әлеуметтік тыныштық және бейқам, ешқандай да толқусыз рахат өмір екен. Ал бізге қоғамдағы әлеуметтік базамызды нығайта түсетін кез-келген толқу пайдалы болмақ. Сондықтан да мен Смағұл Сәдуақасұлының «база» мен «азап» ұғымдары жөніндегі жаңылтпашы аса сәтті шықты деп айта алмаймын. Кез-келген тарихи процеске жауапты қарау қажет Сәдуақасов жолдас. Қазақ сияқты езілген халықтың азаттық алуы азапсыз болуы мүмкін емес... Ал сіз ол процесс азапсыз қиындыққа жүрсін дейсіз. Бұл мемлекетшіл адамның көзқарасы емес, бәрі де тыныш және жайбарақат болсын деген мешаннның көзқарасы», - деп Смағұл Сәдуақасұлына шүйліге түскен. Е.М. Ярославскийді қоштай сөйлеген Харченко деген делегат» арамыздағы Сәдуақасұлы сияқты интеллигент сымалдарды ...дезинфекциялық камера –Бақылау Комиссиясынан өткізіп алу керек», -деп «мәселені» шешу жолын ұсынды. Орталық биліктің өз ұстанымын өткізу ісінде өктемдікке басылымдылық бере бастағанын байқағандар арасында Смағұл Сәдуақасұлы, Сәкен Сейфуллин, Сейтқали Меңдешев, Ә. Асылбеков, Ы. Мұстамбаев, Н.Нұрмақов және тағы басқалары бар барлығы 14 адамнан тұрған қазақ басшылығы РК(б) П ОК-нің хатшысы Ярославскийге «III Жалпы қазақ партия конференциясы өз жұмысын бастаған сәттен қазақ коммунистерін ұлтшылдық ұстанымда айыптаушылық ағым байқалатындығын», сондай-ақ мұндай бағаның шындыққа жанаспайтындығын және оны отаршылдық әрекеттегі кейбір элементтердің саналы түрде тудырып отырғандығын баяндап наразылық хат тапсырады. Бұл хаттан орталықтағы партиялық басшылықтың ортақ істің пайдасы үшін белгілі бір шешімдер қабылдағандығы жөнінде айту қиын. Қайта осы мезгілден бастап, партияның ұлтаралық қатынас саясатында басылымдылық ұлыдержавалық шовинизммен күреске емес, керісінше, «жергілікті ұлтшылдықпен» күреске беріле бастады.

Республиканың қоғамдық өмірінде Ярославский мен Харченколар ұсынған жол үстемдік алып, Смағұл Сәдуақасов пен оның жақтастары ашықтан-ашық саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Ал, 1931-1933 ж.ж. аштық 20-30-шы жылдары үзіліссіз жүргізілген саяси репрессиялар осы үстемдік алған курстың қаншалықты тиімді болғандығының нақты көрінісі болатын. Смағұл Сәдуақасұлы кеңестік биліктің Қазақстанда жүргізілген реформаларының негізгі қарсыластарының бірі болды деген пікір бар. Ф.Голощекин Қазақстандағы басшылыққа келіп, мұндағы саяси жағдаймен танысып алған соң И.Сталинге арнайы хат жолдап, онда өзінің «Кіші Қазан» аталған бағдарламалық курсының негіздеп, оған Бас хатшысының толық қолдауын алады. Бағдарламаның өзекті жібі ретінде Қазақстандағы саяси билікке белсенді түрде советтік, яғни таптық сипат беру, оны «байлардың» яғни алашордашылардың ықпалынан аршып алу, осы мақсатта жергілікті орындарда партиялық ячейкалардың ролін күрт арттыру сияқты мәселелер қойылды. Ф.Голощекин билікке келген уақыттан бастап-ақ мемлекеттік биліктің әлеуметтік мазмұнына байланысты ұлттық басқарушы топтың да өзара қарсы екі ұстанымға бөлініп кеткендігі байқалды.

Кеңестік мемлекет автономияға жалпы ұлттық сипат, мазмұн беруге күш салушы бірінші топ Голощекин ұсынған бағдарламаны қазақ ауылында жасанды түрде «азамат соғысын» тудыру әрекеті ретінде бағалады. Ал келесі екінші ұстанымдағы басшы қызметкерлер Қазақстандағы жағдайға сталиндік орталықтан көзімен қарап, мұнда да басымдылық ішкі ресейлік губерниялардағыдай таптық мәселелерді шешуге берілгенін жөн санады. Уақыт Смағұл Сәдуақасұлы бастаған бірінші топтың болжамының дұрыс екендігін атап көрсетті. 20-шы жылдардың соңына қарай жаңа биліктің экономикалық және әлеуметтік саясатына қарсылық танытқан бас көтерулер бүкіл қазақ даласын құшағына алды. Қарулы қарсылық сонымен бір мезгілде ауқаттылар мен орташалардың негізгі байлықтары – малдарын жаппай аяусыз қырып салуға немесе көрші елдерге айдап қоныс аударуға ұласты. Қазақ даласында мал басы күрт кеміп кетті. Бұл ешқандай да асыра айтусыз нағыз «азаматтық соғыстың» көрінісі еді.

Сонымен, Ф.Голощекин келген мезгілден бастап Қазақстандағы мемлекеттіліктің мазмұнын анықтауға байланысты егес жоғарыда аталған өз тарапынан қазақ басқарушы тобы арасындағы ымырасыз күрестің түпкі тамыры мен шынайы мазмұнын түрлі айла әдістер арқылы мүмкін болғанша тереңірек жасыруға тырысты. Анығырақ айтқанда, алғашқы топтың енді қалыптаса бастаған мемлекеттік билікке ұлттық мазмұн беру әрекетін мойындауға қарсылық танытты. Оның мұндай ұстанымы орталықтың саяси курсына сәйкес келетін еді. Сондықтан да Ф. Голощекин жоғарыда аталған екі топтың арасындағы күресті қазақ қоғамы ішінде бұрыннан келе жатқан «топшылдық дерті» есебінде көрсетуге тырысты.

Кезінде Т.Рысқұлов бастаған басшысының бұл қитұрқы әрекетіне «Голощекин әдісі» деген атпен ат беріп, оның астарында «шиналармен» қорқытып келген өзара сынды қыспаққа алу «сол арқылы партия ұйымының назарын соңғы жылдары Қазақстандағы социалистік құрылыс мүддесіне ұшан теңіз зиянын тигізген қателіктердің түп тамырын ашудан бсқа жаққа аударып жіберу» мақсаты жатқандығын дәл басып көрсеткен еді. Осы тұрғыдан келгенде Смағұл Сәдуақасұлы ұсынған саяси ұстаным сол тарихи мезгілде мәскеулік Орталықтың қазақстанда орнықтыруға бет алған билік жүйесіне балама мемлекеттік басқару тәртібі болатын. Бұл соңғы ұстанымның негізінде Ә.Бөкейханов бастаған алғашқы буын ұлт зиялыларының, сондай-ақ Смағұл Сәдуақасұлы, Тұрар Рысқұлұлы және Жалау Мыңбаев бастаған келесі екінші буын қайраткерлердің мемлекеттілікке байланысты қазақ қоғамының терең де түпкілікті сұраныстарына үйлесімді теориялық тұжырымдары болды [4,96].

Қазақстанда 20-шы жылдардың соңы мен 30-шы жылдардың басында қазақ зиялыларын айыптау, жазалау белең алды. Осы кезеңде қазақ зиялылары арасында саяси-идеялық пікір қайшылығы тереңдеп, ахуал шиеленісе түсті. Алашорда құрамында болған қазақ зиялыларына кешірім болғанына және олар Кеңес үкіметі жағына шығып адал қызмет етіп жүргеніне қарамастан, олардың олардың бұрынғы іс-әрекетіне, әр жылдары баспасөзде жарияланған еңбектерінде қайтадан саяси астар беріліп қудалана бастады. Қазақстанда 1925 жылдан жоғары лауазымды қызметте болған Ф.И.Голощекин қазақ зиялыларын жікке бөліп, бір-біріне қарсы қойып, бір-бірімен айтыстырып, әбден тәжірибе жинақтады. 20-шы жылдардың басында Голощекин мен оның төңірегіндегілер Алаш зиялыларын айыптау, қудалау, қызметтен шеттету, қысым көрсету тәсілімен қатар, енді саяси-идеялық қарсылық ретінде біржола қоғамнан алыстату, жою бағытында ашық түрде ұстанды.

Смағұл Сәдуақасұлы экономика салсында мемлекет байлығын молайтып, шаруашылықты ілгері дамытуды басты міндет етіп қойды. Ол еңбекші таптың партиясының да міндеті осы, сондықтан ауылдағы тап жұмысына жататын мәселелер: кедейді салықтан қорғау, кедейге, орта шаруаға тиісті жерін өнеру, ауылда кооператив жасау, кедейдің баласын оқытып, білім беру, кедейді салынып жатқан завод – фабрикаға, шойын шойын жолдарға көбірек орналастырып, одан болашақта пролетариат жасау, кедейден өндіріс пролетариатын туғызу деп санады. Сонымен қатар, ол бұл жұмыстарды бейбіт еңбек арқылы іске асыру жолдарын ұсынды. «Бір жерде мектеп салуға қазынаның қаражаты жетпей жатса, қалғанын сол жердің байынан неге алмаймыз? Бір жерде кооперативтің пұлы кем болса, оған байдың ақшасын неге салмаймыз? Бұл сықылды жұмыстарды айғайсыз, талан-таражсыз істеуге болмай ма? Әрине болады» - деген. Смағұл Сәдуақасұлы қазақ елін күйзеліске түсіретін Ф.Голощекин дауылының салдарынан халықты аман қалуды мақсат етіп өмірінің соңғы күндеріне дейін алған бетінен таймады. Смағұл Сәдуақасұлы қазақ елінің ерекшеліктерін ескере отырып, ұсынған бағыттарының бәрі Ф.Голощекин мен оның маңына топтасқан партияның шолақ белсенділері тарапынан «ұлтшылдық», «сәдуақасовшылдық» болып саналып, айыпталды. Мұндай біржақты пікірге қарсы Смағұл Сәдуақасұлы «...біз жікшілдік, жік деген атакты сөздерге үйреніп те барамыз.

Шыны керек, бұл сөз тіпті жалықтырып жіберді. Менің ойымша, кейде біз өзіміз осы жікшілдіктің пайда болуына әсер етеміз, бұл істе европалық жолдастар да күнәсіз емес» - деп, Ф.Голощекиннің қазақ зиялыларына қарсы ұйымдастырып жатқан науқанының алдын - алуға тырысты, «мен қазақ коммунистері өсті және партиялық басшылықты қамтамасыз ете алады деп санаймын. Оларды партиялық жұмыстарға тарту және араластыру жөніндегі мәселені кеңейте қарау керек. Тек солай ғана біз жікшілдіктен құтыла аламыз» - деп, ұлт зиялыларына деген «ұлы орыстық» шовинистік көзқарасқа қарсы ойын білдірді. Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы Ф.Голощекин «жікшілдікке» қарсы науқанды онан сайын жанандырып, республиканың барлық партия ұйымдарына 1926 жылдың 2-наурызындағы № 13 хаттамасының үшінші тарауында айтылған «Қазақстан Өлкелік партия комитетінің Қазақстандағы ұлта ралары мен партия ұйымдарының ішіндегі жіктер туралы» нұсқаулы хатын бекітіп, оны таратуға нұсқау берді. 1926 жылдың қараша Пленумында қазақ зиялыларына қарсы шабуылдың өрістете түскен Ф.Голощекин алашордалықтардың екі буынын анықтап, олар туралы мынадай сипаттама берді: «Алашордалықтар туралы айтқанда біз шатасып жүрміз. Алашордашылықтардың екі түрі бар: ескі басшылары мен алашордалықтардың жаңа буыны еді. Ұлттық тарихты білетін азаматтар тарапынан Алаш қайраткерлерінің тарихи еңбегі лайықты өз бағасын алды [5,46]. Ал енді зиялылар, ғалымдар қоғамның барлық жігін, барлық бөлігін анықтай алмады. Кейбір үлкен тұлғалардың қоғамның барлық бөлігіне танылатын кезеңдері болады. Жас қазақ қайраткерлері ұлт мүддесі жолындағы күресте Смағұлдың бастауымен алғаш рет осылай ірі жеңіске жетеді. Бірақ бұл, өкінішке қарай, соңғысы да еді. Алғашқы жеңіс рухтандырған Смағұл Семей, Қостанай аймақтарына барған іссапарлары кезінде республиканың орталық билігінің өкілі ретінде отаршылдық рухтан ажырамаған деп тапқан губерниялық басшылықты жұмыстан босатып жіберуге дейін барады. Бірақ сондай шетін әрекеттері үшін, әрине, ұлтшыл атанып, партиялық сөгіс алады... Смағұлдың өмірі мен қызметі – ұлтты сүюдің, елдік мүдде жолында отаншылдық сезіммен жан аямай күресудің тамаша үлгісі. Ол автономия ішіндегі мемлекеттік мәселелерді шешуде билікті танытып, қазақ елі болашағына шын мәнінде қызмет етті.

Смағұл Сәдуақасұлы керемет жазушы болған. «Сәрсенбек» романы, «Күміс қоңырау», «Күлпаш» тәрізді құнды повестер мен әңгімелер және тағы басқа бағалы туындылардың авторы, халқымыздың тұрмысын, әдет-ғұрпын, ой-өрісін, арман-мұратын жазып, мол мұра қалдырған. Ол керемет және дарынды публицист болған. «Өркен» газетінің редакторы, «Жас қазақ» журналының редколлегия мүшесі, «Қызыл Қазақстан» («Красный Казахстан» - авт.) журналының жауапты хатшысы қызметін де атқарған. Оның ұшқыр қаламынан «Жастардың жаңа жолы», «Қазақстандағы оқу-ағарту мәселелері» атты еңбектері жарық көрді. Көтерілген мәселелерінің көбісі өзектілігін жоғалтпаған. Смағұл халықтық білім беруді нығайту жөнінде бірқатар тақырыптарға қалам тербеген. 1919 жылы жазған «Ауылдың қажеттілігі» атты мақаласында айтқандары уақыт өткен сайын өзектілігін жоймаған: «Халықтың игілігі үшін жұмыс істеп жатқан әрбір адам білімсіз болса, оның жақсы жаққа қарай талпынуы нәтижесіз құр босқа – зурешілік болар еді. Білімсіз әрі тоғышар халыққа сенім аз» - деген болатын [6,36].

Смағұл Сәдуақасұлы Кеңестік өкіметте жүріп Алаштың рухын жалғастырған, өзі Алашорда кезеңінде жастар буыны – «Жас азаматта» қызмет еткен, газет-журнал шығарған тарихи тұлға. 1933 жылы Кремль билігі тарапынан өлтірілді. 30 -жылдардың басында арнайы ұйымдар болған, уландыру секілді аппараттармен талай тұлғаларды ажал құштырған. Смағұл Сәдуақасұлы жаппай репрессияға дейін өлтірілгендіктен, кремациядан кейінгі сүйегінің күлі арнайы орында сақталғандықтан осы күнге дейін нақты

қалпында жетті. Ал кейін жаппай репрессияда жасырын кремацияға түскендердің сүйегінің күлі сақталған жоқ, мидай араластырылып, әр шұңқырға көмілген. Смағұл Сәдуақасұлының сүйегін қазақ топырағына жерлеуге біздің қоғам дайын емес еді.

Тікелей тұңғыш президенттің араласуымен, Астана қаласының әкімдігінің қатысуымен Смағұл Сәдуақасұлының сүйегінің күлі қазіргі мұсылмандар қорымына жерленді. Оның жарық жұлдыздай жарқ етіп сөнген қысқа, бірақ айрықша мағыналы ғұмырындағы ұстанымы, отансүйгіштігі бүгінгі азаматтарға, өскелең ұрпаққа үлгі етуге әбден лайық. Оның елдік мұраттарға адал бай мұрасын танып-білу, қайраткерлік қабілетіндегі ұлттық тамыр іспетті қайнар көзді игеріп, бойға сіңіру бүгінгі тәуелсіздік жастарына өте қажет. Ол қамшының сабындай қысқа ғұмырын қазақтың азаттығы мен теңдігіне арнады. Ол 33 жылдық ғұмырын қазақ елінің ел болып өркендеуіне арнады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қамзабекұлы Д. Смағұл Сәдуақасұлы. - Алматы, 1996, 13 б.
2. Ахатов У.А. Смағұл Сәдуақасов: мемлекет және қоғам қайраткері //ҚАҰУ Хабаршысы, 2010. - № 4. 6 б.
3. Қамзабекұлы Д. Смағұл теңізінен – бір тамшы... //Егемен Қазақстан, 2012, 15 қазан, 4 б.
4. М.Қойгелді. Мен «Кіші Октябрьге қарсымын» // Зерде, 2011, 3 ақпан, 9 б.
5. Қамзабекұлы Д. Ағартушылық құбылысы және Алаш қайраткерлері // Манғыстау мұғалімі, 2013, 10 сәуір, 4 б.
6. Сүлейменов Ж. Ұлтын сүйген ұл //Егемен Қазақстан, 2012, 22 мамыр, 3 б.

АЗАТТЫҚ ТАҢЫН АҢСАҒАН АЛАШ АРЫСЫ - ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

Кеңесқалиева К.

Ғылыми жетекшісі: тар.ғ.к.,

қауымдастырылған профессор м.а., Джумалиева Л.Т.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

keneskalievakausar@gmail.com

Астана қ.

Қазақ тарихында Алаш қозғалысы мен Алаш партиясының орны ерекше. Бұл қозғалыстың негізінде қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігі мен дербестігі үшін күрес және қоғамды жаңғырту идеялары жатыр. Әлихан Бөкейханұлы осы қозғалыстың рухани және саяси көшбасшысы болды. Ол өзінің терең білімі, саяси көрегендігі мен қайраткерлік қызметі арқылы Алаш идеясын алға бастырып, қазақ қоғамының дамуына үлкен үлес қосты. Әлихан Бөкейхан ұлт-азаттық қозғалысының негізін қалаушылардың бірі ретінде белгілі. Оның саяси қызметі қазақ халқының бостандығы мен құқығын қорғауға арналды. Ә.Бөкейхан патша үкіметінің отаршыл саясатына қарсы шығып, халықты білімге, ұлттық сана-сезімге және дербестікке шақырды.

Алаш партиясының құрылуы мен оның мақсаттарын түсіну үшін сол дәуірдің тарихи жағдайын ескерді. Ресей империясының құрамындағы қазақ халқының құқықтарын шектеу, жер мәселесі және ұлттың өзіндік ерекшеліктерін жою әрекеттері Әлихан Бөкейхан мен оның серіктестерін белсенді саяси күреске итермеледі. Алаш партиясы 1917 жылы құрылған және оның басты мақсаты – қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғау болды. Әлихан Бөкейхан партияның бағдарламасын жазуға қатысып, демократиялық қағидаттарды насихаттады. Алаштың басты ұстанымдарына тәуелсіздік, халықтың өзін-өзі басқару құқығы, жердің қазақ халқына тиесілі болуы және ұлттық мәдениетті дамыту кірді. Ә.Бөкейханның пікірінше, қазақ халқы тек өз тағдырын өзі шешу арқылы ғана толық тәуелсіздікке қол жеткізе алды [1.Б.31-34].

Әлихан Бөкейхановтың 1917 жылы, әсіресе оның күзі мен қысында мемлекеттік еркіндікке жетудің түрлі жолдарын қарастырғандығын байқауға болады. Мәселен, ол осы жылдың күзіне қарай Г.Н.Потанин бастаған Сібір автономистерімен қатынас жасап, Сібір автономиясы құрыла қалған күнде Қазақстанның оның құрамына енуін жақтады. Бірақ, бүкіл империя көлемінде жағдайдың күн өткен сайын шиеленісе түсіуіне байланысты, бұл пікірдің іске асуы екіталай еді. Уақытша өкіметтің қолынан саяси билік біртіндеп ұзай берді. Пәрменді биліктің болмауы ел ішінде түрлі террористік актілерге жол ашып берді. Бұл жағдай, әсіресе қолында қаруы жоқ қазақ сияқты жұртқа ауыр тиді. Барлық жерде зорлық-зомбылық етек алды.

Міне осындай жағдайда Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов бастаған бір топ қайраткерлердің ұсынысы және ұйымдастыруы бойынша 1917 жылы 5-13 желтоқсан күндері Орынбор қаласында қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қаралған жалпы қазақ съезі болып өтті. Съездің күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе – ұлттық автономия туралы баяндама жасаған Ә.Бөкейханов болды. Съезд бұл мәселе бойынша қарар қабылдап, онда Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақматымен уақытша «Ұлт Кеңесінің құрып, оның аты «Алашорда» болсын» - деді. Он бес адамнан тұрған бұл өкіметтің төрағасы болып көпшілік дауыспен